

# Арқалыққа алтын әкелді



Теміртау қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дene шынықтыру істері комитетінің Азия және Әлем Чемпионы Балтабек Қызыметті еске алуға арналған жауынгерлік самбодан 1998-1999 жылы туған жастар арасында өткен Қазақстан Республикасының Чемпионатында Арқалықтық жас балуан Серік Есенгелді 48 келі салмақ дәрежесінде I орынды жеңіп алды.

Арқалықтың балуандары бұған дейін де спорттың осы түрінен топ жарған еді.

Жас берендер Наурызбай Шілдебаев пен Жан Сәбит салған сара жолды енді ізбасарлары жалғастырып отыр.

Серік Сырбайұлы киелі Торғай топырағының тұмасы. Бүгінде ол ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік

педагогикалық институтының де-не мәдениеті және спорт кафедра-сының IV курс студенті.

- Жастайымнан спортпен ай-налыстым. Үйдегі бес баланың үлкенімін. Үздіксіз дайындалып үлкен жетістікке жетсем деген арманым болды.

Ауданда қазақ күресімен ай-налыстым. Менің спортқа келуіме алғашқы бапкерім Ерлан Әлиев ағайым зор еңбек сінірді.

Қалада жауынгерлік самбодан спортшылар дайындастынын досымның айтуымен біліп, қызығушылық таныттым. Жеңіске жол ашқан жаттықтырушым Мылтықбай Әбдуайтовқа зор алғысымды білдіремін, - дейді алтыннан алқалы балуан.

Жеңімпаз жас ұлан қазір алдағы қараша айында Қостанай қаласында жауынгерлік самбодан ересектер арасында өтетін Қазақстан Чемпионатына дайындықты бастап кетті.

«Торғай - ақпарат»